

«Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы

1. Жалпы ережелер

«Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы ауылдық мектептерде білім беру сапасын арттыру үшін тірек мектептер базасында құзырет орталықтарын құруға бағытталған. Құзырет орталықтарын құру тірек мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсарту есебінен де, педагогтердің біліктілігін арттыру және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ жобасы бойынша Қор серіктесінің педагогикалық практиканы енгізуі есебінен де қамтамасыз етілетін болады.

Жобаны іске асыру ауыл оқушыларына қандай да бір жерге көшпей немесе элиталық мектептерге іріктеуден өтпей-ақ, олар тұратын жерде сапалы білім алуға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жобаның бастамашысы, одан әрі және операторы «Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры» ҚҚ (*бұдан әрі – ББСТДҚ*) болып табылады, ол өңірлерде Жобаны үйлестіруді және ауылдық мектептердің материалдық базасын жаңартуды ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Бұл жобада келесі негізгі ұғымдар мен қысқартулар қолданылады:

- тірек мектеп (ресурстық орталық) – оның базасында шағын жинақты мектеп оқушыларының сапалы білім алуына қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында қысқа мерзімді сессиялық сабақтар өткізу, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау үшін жақын маңдағы шағын жинақты мектептердің білім беру ресурстары шоғырландырылатын орта білім беру ұйымы;

- шағын жинақты мектеп – білім алушылар контингенті аз, сынып-жиынтықтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың ерекше нысаны бар жалпы білім беретін мектеп;

- ББСТДҚ - «Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры» ҚҚ;

- ІАТДҚ – Іскерлік аумақтарды тұрақты дамыту қоры;

- НЗМ ДББҰ (НЗМ) – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы;

- ПШО – Педагогикалық шеберлік орталығы, НЗМ ДББҰ филиалы (педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламаларын әзірлеу);

- БББО – білім беру бағдарламалары орталығы, НЗМ ДББҰ филиалы (интеграцияланған білім беру және оқу бағдарламаларын әзірлеу);

- ЖАО – жергілікті атқарушы органдар (білім беру саласында);

- PISA – әлемнің әртүрлі елдеріндегі оқушылардың функционалдық сауаттылығын және білімді практикада қолдана білуін бағалайтын тест. Үш жылда бір рет өтеді;

- РІААС – ересек тұрғындардағы ақпаратпен жұмыс істеудің негізгі құзыреттері мен дағдыларын зерттеу және осы дағдыларды жұмыста, үйде және басқа жағдайларда пайдалану;

- TALIS – мектептің білім беру ортасын, мұғалімдердің кәсіби қызметі мен даму жағдайларын ауқымды және беделді халықаралық салыстырмалы зерттеу;

– ФМБ/ХББ – НЗМ мектептерінің бағыттары, физика-математикалық және химиялық-биологиялық.

2. Мақсаты мен міндеттері

Жобаның мақсаты – еліміздің мықты мектептерімен тығыз әріптестікте ауыл мектептерін дамытудың тиімділігін арттыру, сондай-ақ ауыл мектептерін материалдық-техникалық жарақтандыру және педагогтердің кәсіби дамуында тең жағдай жасау есебінен аумақтық және әлеуметтік-экономикалық белгілер бойынша білім беру сапасының алшақтығын қысқартуға жәрдемдесу.

Жобаның міндеттері:

1. ҚР Оқу-ағарту министрлігі тірек мектеп мәртебесін бере отырып, ауыл мектептерін материалдық-техникалық жарақтандыру және ауыл мектептері оқушыларының сапалы білім алуға тең қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін білім беру ресурстарын шоғырландыру.

2. Диагностика жүргізу және оның нәтижелері негізінде ауылдық тірек мектептерін дамыту жоспарын әзірлеу, сондай-ақ ауыл мектептерінің оқушылары мен жақын маңдағы шағын жинақты мектептердің педагогтарына білім беру қызметтерін көрсету.

3. Тірек мектептердің педагогтарына білім беру қызметтерін көрсету.

Жоба 2019 жылдан бастап қайырымдылық жобаларын, оның ішінде білім беру саласында қайырымдылық жобаларды іске асыратын Іскерлік аумақтарды тұрақты дамыту қорының (бұдан әрі – ІАТДҚ) жұмыс тәжірибесін масштабтауды көздейді. 2022 жылдан бастап ІАТДҚ білім беру жобаларын Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры (бұдан әрі – ББСТДҚ) іске асырады және қазіргі уақытта осы жобаларға Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарынан 5 мектеп қатысады, оларда 2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін мынадай жұмыстар жүргізілді:

- білім беру ортасын жаңғырту жүргізілді: демеушілердің қаражатына жаңа заманауи модификация бойынша 5 мектепке 70 кабинет, 15 зертхана сатып алынды және жабдықталды; барлық 70 кабинетте еденді жабу, қабырғалар мен төбені сырлау, жарықтандыру және электр аспаптарын жаңарту сияқты косметикалық жөндеу жүргізілді; пән мұғалімдері жаңа техникамен және жабдықтармен жұмыс бойынша қысқа мерзімді курстардан өтті;

- білім беру сапасы мен білім беру ортасына талдау жүргізілді (барлық 5 мектеп НЗМ ДББҰ ПӨО мамандарын тарта отырып, білім беру аудитінен өтті);

- жүргізілген талдау қорытындысы бойынша әр мұғалімге жеке-жеке кері байланыс берілді, ал білім беру саласындағы ЖАО-ға (білім басқармалары мен

бөлімдеріне) мұғалімдер мен оқушылардың жеке деректерін көрсетпей, ұсынымдармен жалпыланған анықтамалар берілді;

- Республикалық педагогикалық шеберлік орталығының үздік жаттықтырушыларын тарта отырып, НЗМ ДББҰ базасында ауыл мектептері мұғалімдерінің біліктілігін арттыру және тағылымдамадан өту ұйымдастырылды.

Күтілетін нәтижелер:

1. Жоба шеңберінде Қазақстан Республикасының 80 ауылдық мектебі (өңірден 1 мектептен) материалдық-техникалық базаны жақсартады. Жобаға қатысатын әрбір мектеп мектепалды даярлық және робототехника кабинеттерін, мультимедиялық кабинет пен STEM-зертхананы, заманауи жаңа зертханасы бар физика және химия кабинеттерін және басқаларын қоса алғанда, білім берудің барлық пәндері мен бағыттары бойынша жаңа заманауи модификация кабинеттерін алады. Сондай-ақ, Жоба бойынша мектептің әкімшілік кабинеттері мен шаруашылық блогынан басқа мектептің акт және спорт залдарында, мұғалімдер кабинеті мен асханада, жиһаздар мен жабдықтарды жаңарту жоспарлануда.

2. Ауылдық мектептердің басшылары мен мұғалімдері үшін НЗМ облыстық филиалдарының базасында Педагогикалық шеберлік орталықтарында пәндер бойынша, оның ішінде жаңартылған оқыту бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курстары, сондай-ақ объективті (критериалды) бағалау, цифрлық сауаттылық және тәрбие жұмысы бойынша курстар ұйымдастырылады. Осылайша, жоба осы жобаны іске асыру жоспарланып отырған ауылдық жерлердегі мектептер мен өңірлер, қалалық және ауылдық мектептер арасындағы оқыту алшақтығын қысқартуға жәрдемдесетін болады.

3. Жобада 3 жыл ішінде ауылдық мектепті (НЗМ және ББСТДҚ) жобадан кейінгі және курстан кейінгі сүйемелдеуді жүзеге асыру көзделген.

3. Жобаға қатысушы-қайырымдылық көмек алушылар:

- өңірлердегі 80 ауылдық мектеп (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің келісімі бойынша).

4. Жобаны іске асыру бойынша серіктестер:

- Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі – Жобаны іске асыру мәселелері бойынша өңірлік білім басқармаларының жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады;

- «Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры» ҚҚ – жоба операторы, өңірлерде Жобаны үйлестіруді, материалдық базаны жаңартуды ұйымдастыруды және ауылдық жерлерде мұғалімдердің біліктілігін арттыруды іске асыруды қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

- Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ, оның ішінде Педагогикалық шеберлік орталығы (ПШО), Білім беру бағдарламалары орталығы (БББО) –

Жобаны әдіснамалық қолдау, жарақтандыру стандарттарын ұсыну, білім беру сапасын талдау мониторингін жүргізуге көмектесу, жобаға қатысатын ауыл мектептері мұғалімдерінің біліктілігін арттыру, жобадан кейінгі сүйемелдеу.

- Облыс әкімдіктері (ББ) – ҚР Білім министрлігімен бірлесіп өңірлердегі ауылдық мектептерді іріктеуді жүзеге асырады/келіседі.

Мектеп кабинеттерін жарақтандыруға қатысты барлық ұйымдастырушылық, техникалық іс-шараларды, атап айтқанда дұрыс қажеттілікті айқындауды, жеткізушілерді іріктеу бойынша конкурс өткізуді, орталықтарға жабдықтар мен жиһаздарды жеткізуді «Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры» қоғамдық қоры жүзеге асыратын болады.

5. Жағдайдың өзектілігі мен талдау

ҚР Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша елімізде 7550 мектеп бар. Ауылдық мектептер саны 5 262 мектепті (69%) құрайды, оның ішінде шағын жинақталған ауылдық мектептер – 2 758 (52 %).

Жүргізілген халықаралық және ұлттық зерттеулер негізінде (кестелер төменде келтірілген) Қазақстанның ауылдық оқушыларының қалалық құрдастарынан артта қалуы 3-4 оқу жылына дейін жетеді.

PISA-2018 нәтижелеріне сәйкес білім сапасы аймақтық өлшемде әр түрлі, көрсеткіштері төмен аймақтар ауылдық және қалалық мектептер арасындағы ең үлкен алшақтықты көрсететін жоғары көрсеткіштері бар аймақтардан орта есеппен 4 жылдық оқудан артта қалып отыр (Дүниежүзілік банк, 2020).

Көрсеткіштер	Қазақстан мен ЭЫДҰ көрсеткіштері арасындағы алшақтық	Қала мен ауыл арасындағы алшақтық
PISA	Алшақтық математика бойынша 66 балл, жаратылыстану ғылымдары бойынша 92 балл, оқу бойынша 100 баллды құрайды.	Алшақтық математика бойынша 22 балл, жаратылыстану ғылымдары бойынша 23 балл, оқу бойынша 37 баллды құрайды
PIAAC	Алшақтық математика бойынша 15 балл, оқу бойынша 17 баллды құрайды. Қазақстандықтардың 18%-ы ЭЫДҰ бойынша 43%-бен салыстырғанда 2,3 қиындық деңгейіндегі тапсырмаларды орындады. PIAAC (АТО, 2018) нәтижелеріне сәйкес ҚР магистрлері ЭЫДҰ елдерінде орта білімі бар халық деңгейінде білім көрсетеді.	Оқу сауаттылығы бойынша қала тұрғындары (254) ауыл тұрғындарынан (242) 12 баллға озып тұр. Математикалық сауаттылық бойынша айырмашылық қала тұрғындарының пайдасына 11 баллды құрайды (252). Жұмыспен қамтылған қала мен ауыл тұрғындарының оқу сауаттылығындағы айырмашылық 13 баллға тең (қала - 256 балл, ауыл – 243 балл), жұмыссыз қалалық (251) және ауыл тұрғындарының

		(238 балл) оқу сауаттылығының айырмашылығы да сондай.
TALIS	ҚР-дағы мұғалімнің жүктемесі ЭЫДҰ бойынша мұғалімнің орташа жүктемесінен 10 сағатқа жоғары. ЭЫДҰ-да мұғалім орта есеппен оқытуға жалпы жүктемесінің 54%, ҚР-да 31% жұмсайды.	Нақты оқытуға кететін уақыттың үлесі қалалық мектептермен салыстырғанда ауылдық мектепте аз. Қалалық мұғалімнің апталық жүктемесі ауыл мұғалімінің жүктемесінен 7 сағатқа артық.

Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы жыл сайынғы ұлттық баяндаманың және «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ-ның 2018 жылғы есебінің негізінде ауылдық мектептердің білім алушыларының білім сапасы қалалық мектептерге қарағанда оқу сауаттылығы бойынша 38 баллға, математикалық сауаттылық бойынша 22 баллға, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша 23 баллға төмен екені анықталды. Компьютерлік сауаттылық бойынша ауыл оқушылары қаладан 70 баллға артта қалды.

Жоба аясында келесі мәселелерді шешу жоспарлануда:

- осы Жобаға қатысушы ауыл мектептерінің оқушылары үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Жобаны іске асыру жоспарланып отырған елді мекендерде ауылдық мектептердің жабылу қарқынын төмендетуге жәрдемдесу;
- ауылдық елді мекендерде орналасқан мектептерге бірыңғай кешенді оқу-әдістемелік қолдау және ғылыми-әдістемелік көмек көрсету.

Сондай-ақ, «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» Жобасын табысты іске асыру мектепте педагогикалық кадрлармен тиісті толық жасақталуын, қосымша білім берумен, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету үшін жағдай жасауды, кемінде 20 Мбит/сек жылдамдықпен кең жолақты интернеттің болуын талап ететінін атап өткен жөн.

Жобаға қатысушы-мектептерді елордадағы және еліміздің ірі қалаларындағы НЗМ (өңірлердегі филиалдар) мектептеріне бекіте отырып, өңірлер бойынша бөлу:

№	Облыс атауы	Ауыл мектептерінің саны = аудандардың / моноқалалардың		Облыс орталықтарындағы және еліміздің ірі қалаларындағы НЗМ мектептерінің атауы
		2022	2023	
1	Жетісу облысы	1	3	НЗМ фмб, Талдықорған қ.
2	Алматы облысы	1	3	НЗМ фмб, Алматы қ.

3	Атырау облысы	1	2	НЗМ хбб, Атырау қ.
4	Ақмола облысы	1	4	НЗМ фмб, Көкшетау қ.
5	Қостанай облысы	1	4	НЗМ фмб, Қостанай қ.
6	Ақтөбе облысы	1	11	НЗМ фмб, Ақтөбе қ.
7	Шығыс Қазақстан облысы	1	4	НЗМ хбб, Өскемен қ.
8	Жамбыл облысы	1	2	НЗМ фмб, Тараз қ.
9	Батыс Қазақстан облысы	1	3	НЗМ фмб, Орал қ.
10	Маңғыстау облысы	1	2	НЗМ хбб, Ақтау қ.
11	Қарағанды облысы	1	7	НЗМ хбб, Қарағанды қ.
12	Қызылорда облысы	1	2	НЗМ хбб, Қызылорда қ.
13	Павлодар облысы	1	3	НЗМ хбб, Павлодар қ.
14	Солтүстік Қазақстан облысы	1	4	НЗМ хбб, Петропавл қ.
15	Түркістан облысы	1	6	НЗМ фмб, Шымкент, Түркістан қ.
16	Ұлытау облысы	1	1	НЗМ хбб, Қарағанды қ.
17	Абай облысы	1	2	НЗМ хбб, Өскемен қ.
	Барлығы	17	63	

6. Болжалды шығындар сметасы

№	Атауы	Мектептер саны	Қордың қатысуы, мың. теңге	Басқа көздерден алынған үлес, мың. теңге
2022 жыл				
1.	Жаңа модификация кабинеттерін сатып алу (250 млн. тг есебінен)	17	4 250 000	0
2.	Жобаны іске асыруға арналған әкімшілік шығыстар		0	30 000
2023 жыл				
1.	Жаңа модификация кабинеттерін сатып алу (1 мектепке 250 000 мың теңге есебінен)	63	15 750 000	0
2.	Жоба мектептері оқушыларының үлгеріміне мониторинг жүргізу		0	65 000
3.	Жоба мектептерінің оқытушылар құрамын оқыту		0	*

	және тағылымдамадан өткізу бағдарламасы			
4.	Жобаның әкімшілік шығыстары		0	234 098
Барлығы:		80	20 000 000	329 098

**жоба шеңберінде мектептердің оқытушылар құрамын оқыту және тағылымдамадан өткізу бағдарламасына арналған шығыстар Жоба серіктестерінің басқа көздерінен қамтамасыз етілетін болады, серіктестердің салымы туралы толық ақпарат қорытынды талдамалық есепте ұсынылатын болады.*

Мектептердің тізбесі мен саны ҚР ОАМ-мен келісім бойынша ББСТДҚ хатының негізінде Қор Басқармасының шешімімен өзгеруі мүмкін.

Жеткізушілердің міндеттеріне жабдықты жеткізу және құру, соның ішінде мұғалімдерге техникамен жұмыс істеу бойынша нұсқау беру кіреді. Толық смета № 1 қосымшада көрсетілген. 1 мектепті жарақтандыру (жинақтау) орта есеппен ~250 000 000 теңгеге дейін құрайды:

№	Кабинет атауы	Саны	Бағасы	Сома
1	Биология кабинеті	1	9 000 000	9 000 000
2	География кабинеті	1	7 000 000	7 000 000
3	Математика кабинеті	2	6 500 000	13 000 000
4	Зертханасы бар физика кабинеті	1	12 000 000	12 000 000
5	Зертханасы бар химия кабинеті	1	10 500 000	10 500 000
6	Робототехника кабинеті	1	12 000 000	12 000 000
7	Технология шеберханалары ұлдар	1	11 000 000	11 000 000
8	Технология шеберханалары қыздар	1	11 500 000	11 500 000
9	Аға буын кітапханасы	1	12 000 000	12 000 000
10	Мультимедиялық кабинет	1	12 000 000	12 000 000
11	Информатика кабинеті	1	15 000 000	15 000 000
12	STEAM зертханасы	1	13 000 000	13 000 000
13	Бастауыш сыныптар кабинеті	8	5 400 000	43 200 000
14	Мектепалды даярлық кабинеті	1	5 400 000	5 400 000
16	Орыс тілі мен әдебиеті кабинеті	1	5 500 000	5 500 000
17	Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті (қазақ тілінде оқыту)	2	4 500 000	9 000 000
18	Тарих кабинеті	1	5 525 000	5 525 000
19	Ағылшын тілі кабинеті	1	5 000 000	5 000 000
20	БӘЖТД кабинеті	1	7 000 000	7 000 000
21	Спорт залы	1	11 000 000	11 000 000
22	Акт залы	1	10 000 000	10 000 000
23	Асхана	1	4 500 000	4 500 000
24	Демалыс орны	4	300 000	1 200 000

25	Мұғалімдер кабинеті (әдістемелік кабинет)	1	4 500 000	4 500 000
БАРЛЫҒЫ:				249 825 000 250 000 000 Теңгеге дейін
<i>Пәндер бойынша кабинеттер мен шеберханалар – 26</i> <i>Спорт залы – 1</i> <i>Акт залы – 1</i> <i>Асхана – 1</i> <i>Демалыс орны – 4</i> <i>Мұғалімдер кабинеті (немесе әдіс.кабинет) – 1</i>				

Жобаның жалпы бюджеті 20 000 000 мың теңгені құрайды.

Қаржыландыру көзі: кәсіпорындар, кәсіпкерлер және азаматтар Қордың шоттарына жүзеге асырған қайырымдылық жарналары.

Жобаның бюджеті қосылған құн салығының (ҚҚС) құнын қамтымайды. Жабдықтың құны валюта бағамына байланысты өзгеруі мүмкін. Жобаның жалпы құны 10% - дан астам ұлғаю жағына қарай өзгерген жағдайда Жоба Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына шығарылатын болады.

Мектептердің тізбесі, саны, жинақталуы, сондай-ақ алушы ҚР ОАМ-мен келісімі бойынша ББСТДҚ хатының негізінде Қор Басқармасының шешімімен өзгертілуі мүмкін.

7. География, іске асыру мерзімдері мен кезеңдері

Жобаны іске асыру кезеңі – 2022 – 2024 жылдар

Жоба 17 өңірде жүзеге асырылуда:

1. Алматы облысы
2. Атырау облысы
3. Абай облысы
4. Ақмола облысы
5. Ақтөбе облысы
6. Жетісу облысы
7. Қостанай облысы
8. Жамбыл облысы
9. Шығыс Қазақстан облысы
10. Түркістан облысы
11. Павлодар облысы
12. Қарағанды облысы
13. Солтүстік Қазақстан облысы
14. Маңғыстау облысы
15. Батыс Қазақстан облысы
16. Қызылорда облысы
17. Ұлытау облысы

1-қосымша: «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы бойынша 2022-2023 жылдарға арналған смета - 3 бетте.

2-қосымша: «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасын іске асыру жоспары – 3 бетте.

№ 2 қосымша

Жобаны іске асыру жоспары

№	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Жауапты	Мерзімдері
2022 жыл				
1.	Қайырымдылық жобасын бекіту	Қайырымдылық жоба	Министрлік, ББСТДҚ, Қор	2022 ж. 20 маусым
2.	Қатысушы мектептердің тізімін облыстық білім басқармаларымен және аудандық білім бөлімдерімен келісу	Мектептер тізімі	ББСТДҚ	2022 ж. маусым-шілде
3.	арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою	Меморандум	НЗМ ДББҰ, Қор, ББСТДҚ	2022 ж. 14 шілде
4.	17 мектеппен төртжақты жеткізу шарттарына қол қою	Шарт	«Базисный магазин» ЖШС, Қор, ББСТДҚ, Қатысушы-мектептер	2022 ж. тамыз – қараша
5.	8 ауылдық тірек мектептің материалдық-техникалық базасын толық жаратқандыру	Қабылдау-тапсыру актілері	ББСТДҚ, Жеткізуші	2022 ж. қыркүйек-желтоқсан
6.	Жоба Серіктестерінің	Аралық есеп	ББСТДҚ, НЗМ ДББҰ	2022 ж. желтоқсан

	аралық есепті ұсынуы			
7.	Қалған 9 ауылдық тірек мектептердің материалдық-техникалық базасын жарактандыруды аяқтау	Қабылдау-тапсыру актілері	ББСТДҚ, НЗМ ДББҰ	2023 ж. қаңтар-ақпан
8.	Оқыту іс-шараларын өткізу (НЗМ ДББҰ базасында біліктілікті арттыру курстары, тағылымдамалар, конференциялар)	Есеп	НЗМ, Қайырымдылық көмек алушылар	2022 ж. тамыз - желтоқсан
9.	Аралық қорытындыларды таныстыру бойынша іс-шаралар өткізу және БАҚ-та жариялау	Есептер, баспасөз туры	ББСТДҚ, Қор	2023 ж. қыркүйек-ақпан
10.	Жобаны іске асыру бойынша қорытынды есеп.	Қорытынды есеп	ББСТДҚ, Қор	2023 ж. сәуір
2023 жыл				
1.	Тараптар арасында меморандум мен жол картасын жасасу	Меморандум, Жол картасы	Министрлік, ББСТДҚ, Қор	2023 ж. мамыр
2.	Бірлескен қызмет туралы шарттар жасасу	Шарт	Қор, Жеткізушілер, ББСТДҚ, НЗМ	2023 ж. мамыр-маусым
3.	Мектептер тізімін бекіту	Хат	ББСТДҚ	2023 ж. мамыр
4.	Жаңа модификациядағы кабинеттерді жабдықтау	Қабылдау-тапсыру актісі	Қайырымдылық көмек алушылар, ББСТДҚ, Жеткізушілер	2023 ж. 3-4 тоқсан

5.	Аралық есепті және дайындау және бағыттау	Аралық есеп	Министрлік, ББСТДҚ, Қор	2023 ж. 3-4 тоқсан
6.	Бекітілген жоспарға сәйкес оқыту іс-шараларын өткізу	Есеп	НЗМ, Қайырымдылық көмек алушылар	2023 ж. 4 тоқсан
7.	Жобаны іске асыру бойынша қорытынды есеп. БАҚ-та жариялау.	Қорытынды есеп	ББСТДҚ, Қор	2023 ж. желтоқсан
8.	3 жыл бойы мектептер мен мұғалімдерді жобадан кейінгі және курстан кейінгі сүйемелдеу	Есеп	ББСТДҚ, НЗМ	2023 жылдан бастап